

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

obstacles in translation and intercultural communication, enhance global connectivity, foster meaningful connections, and promote global understanding and cooperation across linguistic and cultural boundaries.

In conclusion, the intricate fields of translation and intercultural communication are indispensable in our modern, interconnected world. These fields serve as vital conduits for effective global interactions, connecting linguistic and cultural gaps, fostering mutual comprehension, and enabling proactive collaboration across diverse communities. Throughout this exploration of challenges and strategies, it's evident that these domains face multifaceted obstacles, from linguistic nuances and cultural disparities to technological complexities and communication barriers. These challenges highlight the need for proactive measures and innovative solutions to ensure successful communication outcomes. By proactively addressing these challenges and embracing strategies that prioritize continuous learning, collaboration, technological integration, cultural sensitivity, clear communication, empathy, cross-cultural training, inclusivity, and a culture of continuous improvement, translators and communicators can navigate the complexities of their work more effectively. Through these efforts, we can not only overcome obstacles in translation and intercultural communication but also enhance global connectivity, own meaningful connections, promote mutual understanding, and cultivate a more harmonious and cooperative global community across diverse linguistic and cultural landscapes.

Literature

1. Lorena Sadiku Manaj (2017) *Intercultural Translation and Communication* // Sep-Dec 2017. Vol. 11 Nr. 1 P. 99-106
2. Jacqueline Chara-Lisa Osland (2002) *Translation as Intercultural Communication: A case study* // University of Calgary. P 55-64
3. Asante, M.K & Gudykunst, W. (1989). *Handbook of international and intercultural communication* // Newbury Park, CA: Sage.

ӘӨЖ 69:811

СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАСЫ

Караматдин Сұңқар Гарифуллаұлы

karamatdin.sunkar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультетінің 1 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кузар Ж.Н.

Кіріспе. Қазіргі таңда жаңа терминологиялық атаулардың, терминологиялық өрістердің, тіпті тұтас терминологиялық жүйелердің пайда болуы осының бірден бір дәлелі болып саналады. Термин мазмұны жағынан сөзден ерекшеленетін айрықша болатын лексикалық бірлік. Термин және терминология мәселесі туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, әр кезеңдерде зерттеген көптеген қазақстандық (ең алдымен А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. А. Аманжолов, М. Балақаев, С. Бәйішев, Б. Бірімжанов, Қ. Шәріпов, Ә. Қарақұлов, Ә. Сатыбалдиев, Б.Қалиев, І. Жарылғапов, Ә.Т. Қайдаров, Ш.Ш. Сарыбаев, Ж. Смағұлов, А. Әбдірахманов, Р. Сыздық, Ә. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Е. Әбдрәсілов, А.М. Ахметбекова және т.б.), ресейлік (А.В. Суперанская, А.А. Реформатский, А. С. Герда, В. А. Бондарь, В. А. Татаринев, В. Г. Будыкина, В. М. Лейчик, В. П. Даниленко, В. С. Виноградов, Г. В. Демидова, Е. В. Карпинский), және шетелдік (Slisko J., Shulman L., Pushkin B.D., Barron-Cedeno A., Frantzi K.) ғалымдардың терминнің табиғаты мен түсінігіне өзіндік анықтамаларын берген. Қазақстандағы

қазіргі терминологияның дамуына Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, С. Әлісжан т.б. қазақ тіл білімі зерттеушілердің қазақ терминологиясының теориясы мен практикасына зор үлес қосқан, терминжасауға белсене араласқан ғалымдардың еңбектерінің теориялық негіздемелері басшылыққа алынады. Сонымен қатар, отандық ғалымдар терминнің лингвистикалық-логикалық мәселелерін, термин мен ұғымның нақты байланысын, терминология мен терминографияның лингвистикалық, әлеуметтік аспектілеріне арналған монографиялар, терминнің мәселелеріне мен даму келешегіне арналған мақалалар жинақтары жарық көрді.

Құрылыс лексикасының терминологиясы – адам танымының ең көне салаларының бірі. Құрылыс лексикасы кезең-кезеңімен дамыды. Құрылыс терминологиясына ерекше көңіл ХХ ғасырдың ортасында құрылыс жұмыстарының көлемінің кеңеюімен және адамдардың өмір сүру жағдайларының жақсаруымен беріле бастады. Бұл кезеңде құрылыс терминологиясы терминолог ғалымдардың, техникалық әдебиеттерді аударушылардың зерттеу объектісіне айналды. Құрылыс ғылымының терминологиясы жеке ішкі жүйелерге бөліне басталды. Терминологияны зерттеушілер құрылыстың терминологиялық жүйесін (Егоров В.А. 1973), сәулет (Мауэр Р.М. 1986), жылжымалы құрылымдар терминологиясы және орыс баламалары (Кафиятуллина В.И. 1975), ағылшын құрылыс терминологиясының даму мәселелерін (Писмиченко А.Н. 1984), ағылшын терминологиясының лексикасы және орыс тіліндегі баламаларының (Абдурахманова А.З. 2016) зерттеді [1].

Сәулет және құрылыс саласының терминдері, осы саладағы білімнің жетістіктерін, қоғамдық даму мен инновациялардың қолданылуын анықтауға көмектеседі. Терминдер арқылы сәулет және құрылыс саласының қозғалуы, өзгеруі және дамуы туралы ақпаратты білу мүмкін. Сәулет және құрылыс саласындағы терминдерді зерттеу, қазіргі кезде өте қарқынды дамып келеді. Жаңа технологиялардың пайда болуы жаңа терминдердің пайда болуына әкеледі, ал олармен бірге оларды басқа тілдерге сауатты аудару қажеттілігі туындайды. Осы мақала сәулет терминологиясының ерекшеліктеріне арналған. Автор осы тіл қабатының негізгі компоненттерін және негізгі сипаттамаларын ұсынады.

Құрылыс терминологиясының ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру мәселелеріне байланысты сәулет құрылыс терминдерінің ерекшеліктері туралы зерттеулер жүргізіледі. Сәулет - құрылыс саласындағы терминдер терминологиялық теорияға сәйкес дәл мазмұнды, құрылыс процесінің, сәулеттік конструкциялардың, не инновациялық құрылыс материалдарының ерекшеліктерін айқындайды.

Термин ғылыми мәтінде негізгі адекваттылық мағыналығы ретінде қарастырылады. Адамзаттың тұрмыс жағдайы жақсарған сайын бұл сала кеңейеді, сондықтан да терминдер көбейіп, бұл саланың сөздік қоры толығады.

Сәулет - құрылыс терминдері құрылыс және жобалау өнерінің, сондай-ақ көркемдік бейне беру өнерінің қолданылған жерін көрсетеді.

Сәулет құрылыс терминдерінің қалыптасу жолдары біздің ана тіліміздің лексикалық қорынан басталады. Термин қалыптастырудың екі негізгі бағыты бар.

Біріншісі - ұлттық тілдің негізінде. Басқа тілдердегі аудармасы өзгеше сөздер. [2]

шатыр	крыша	roof
жобалау	проектирование	design
оқшаулау	изоляция	insulation
күрек	лопата	shovel
дыбыс оқшаулау	шумоизоляция	sound insulation
дірілді оқшаулау	виброизоляция	vibration isolation
сәулет	архитектура	architecture
іргетас	основание	foundation

арқалық	балка	girder
шыны мақта	стекловата	glass wool
су құбырлары	водопровод	aqueduct
шеге	гвоздь	nail
бұранда	винт	screw

Екіншісі - басқа тілден алынған сөздер негізінде. Терминдердің басым бөлігі өзге тілден енген.

ландшафт	ландшафт	landscape
арка	арка	arch
бетон	бетон	concrete
блок	блок	block
бордюр	бордюр	border
бункер	бункер	bunker
гипс	гипс	gypsum
дерматин	дерматин	dermatin
пластик	пластик	plastic
фарфор	фарфор	porcelain
арматура	арматура	fittings
цемент	цемент	cement
рама	рама	frame
картон	картон	carton
кварц	кварц	quartz
керамика	керамика	ceramics
лак	лак	varnish
латекс	латекс	latex
линолеум	линолеум	linoleum
монолит	монолит	monolith

Егер біз қазақ тілінің болашағын ойласақ, ұлттық тіліміздің басты сөздерін терминдік форматта қолдану қажет. Тіліміздің ұлттық мәні, қолданылу аясының кеңдігі мен басқа тілдерден алынған сөздерге болатын баламалық мүмкіндіктер арқылы айырмашылыққа ие болады. «Термин» сөзі ғылым мен техниканың дамуына, жаңа құрылымдарына байланысты сөздердің мағынасын көрсетеді. Ғылым мен техниканың жаңа құрылымдарына байланысты тілімізге енген сөздер ғасырлар бойы терминдік форматта сақталуы мүмкін бе? деген сұрақ қойылады. Бұл сұрақтың орнында туратын заңды нәрсе. Сондықтан, бұрынғы терминдерді екі бағытта саралау қажет. Біріншісі – жалпы қолданыстағы және терминдік мағынадағы сөздер. Екіншісі – тек терминдік мағынада қолданылатын сөздер.

Сәулет-құрылыс саласындағы терминдердің синонимдігі. Қазіргі уақытта терминдердің синонимдіксіздігі аксиома ретінде қабылданған. Мысалы, Комиссаров В. Н. терминге қойылатын негізгі талаптардың бірнеше нүктелерін көрсетуде [3]:

*терминдің дәл болуы қажет, яғни оның ғылым мен техника саласындағы ұғымдар жүйесінде орын алатын логикалық анықтамасының сұлбасы болуы мүмкін;

*терминдің бір мағынасы болуы қажет, және ол мән-мәтінге тәуелсіз болуы қажет;

*әр ұғымға тек бір термин сәйкес келуі қажет (синоним-терминдердің болмауы үшін). Терминдердің бұл түрлі анықтамаларына ғалымдардың мынадай пікірлерін қосуға болады:

«Терминдер әрдайым бір мағыналы болуы тиіс» [4]; «Термин полисематикалық, амонимдік, синонимдік болмауы тиіс» [5].

Алайда, біздің зерттеуіміздің нәтижелері бойынша, сәулет-құрылыс терминдері синонимияға ие болуы мүмкін. Мына терминдерге мысал болары: кеспе тас - тротуарлық тас; бу радиаторы - батарея; оқшаулағыш таспа - жабысқақ таспа; кабельдік галерея - кабельдік камера; кафель - қыш - қыш тақта; сайдинг - қаптағыш панель - қорғағыш- декоративті тақта.

Бірақ, құрылыс терминологиясының сөздіктерін зерттеу бізге мынадай қорытынды қойды: қазіргі уақытта сөздіктердің сөздік құрамына жаңа емес, бірақ сәулет-құрылыс құжаттарында кеңінен қолданылып жатқан терминдер енгізілмейді.

Сәулет-құрылыс терминдерін зерттеу барысында анықталғандай, олар қызмет ету барысында қосалқы тілдің шеңберінен тыс шығып отырады және синонимдермен толықтырылуы мүмкін, бірақ оларды аталмыш терминдерден бөлек түрде қарастыруға болмайды. Себебі бұл синоним сөздер - терминдердің тілде орын алуының нәтижесі болып табылады, сол себептен олар сәулет-құрылыстық терминдік жүйенің өзіндік бөлігі болып табылады. Осыған орай, сәулет-құрылыс саласының терминдерін өздерін дәстүрлі түрде терминдерге жатқызуға болмайтын сөздермен үйлесімде қарастыру қажет. Мұндай терминдерге кәсіби сөздер, стилистикалық таңбаланған сөздер, айқын байқалатын коннотативтік реңі бар лексемалар,okkaзионализмдер, қарапайым сөздер мен сөз тіркестері жатады. С. В Гринев [6] мұндай сөйлемдік конструкцияларға арнап «термин алды» деген атауды енгізді - яғни бұл терминдер ретінде негізгі талаптарға жеткілікті дәрежеде сай келмейтін терминдердің модельдері.

Құрылыс саласында жиі қолданылатын терминдер [7];

АР - Архитектуралық шешімдер альбомы.

Фасадтар, негізгі кескіндер, планировка

ҚЖ – Темір бетон конструкциялар альбомы

КД - Ағаш конструкциялар альбомы

ОВ – Жылу және вентиляция альбомы

ВК – Су және канализация альбомы

ЭО – Электрлік және жарық альбомы

Кәсіби салалардағы аударманың дұрыстығы өте маңызды. Бұл:

Мақсатты және мағынаны сақтау: Аударма, түпнұсқа хабардың мақсатын және мағынасын сақтау үшін жасалады. Тіл - бұл нұсқаулық және өзгеріске ұшырақтай орта, сөздердің мәдени және контекстуалды маңызы бар. Аудармашы, тек сөздерді бір тілден екіншісіне айналдырмай, хабардың мазмұндық өзін дәл мәнінде түсіндіреді.

Ғылыми-техникалық аударма стиліне тән келесі ерекшеліктерді атап өту керек: ақпараттық мазмұн, автор ұсынған идеялардың барлық компоненттердің нақтылығы мен дәйектілігі, ғылыми факт туралы мәлімдемелердің объективтілігі және де бірінші кезекте осы саладағы маман үшін ұсынылатын материал туралы түсінік болу қажет. Ғылыми-техникалық мәтін ең алдымен болмысымен ерекшеленеді әсіресе аударма процесінде терминологияға ерекше рөл бөлінеді. Өйткені ғылыми термин белгілі бір ғылыми тұжырымдаманы ашады, содан кейін бұл термин әдеттегі жалпыұлттық сөздерден ерекшеленеді, бірақ нақты объектілер мен құбылыстарды міндетті түрде көрсетілуі керек. Сондықтан аударма кезінде терминді қолдану дәл, қатаң анықталған мәні болу қажет, бір мәнді және «терминологиялық өріске» кіру керек.

Қорытынды

Бұл барлық айтқандарымыздың негізінде аударма сөздерді бір тілден екінші тілге ауыстыру ғана емес. Аударма мәдениеттер арасында көпір жасайды. Ол өзіңіздің мәдени объективіңіз арқылы түсінуге тым бөтен және алыс болатын мәдени құбылыстарды сезінуге мүмкіндік береді. Тұрмыс жаңарып, заман өзгерген сайын, техника дамыған заманауи терминдер де біздің тілімізде арта түсуде. Оларды қалай болса солай аударма салмай, талқыға салып дұрыс баламасын беру

керек. Сөйтіп, мағынасын бұзбай, жат сөздерді өз тілімізге бағындырып, бірте-бірте енгізу қажет. Білімнің жаңа салалары мен жаңа қызмет түрлерінің таралуына байланысты жаңа терминологиялық аппарат құру қажеттілігі туындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.Н. Құзар, Г.И. Кульдеева «Ғылыми мәтіндегі терминдер аударма нысаны ретінде» Вестник Карагандинского университета, Серия «Филология». № 2(110)/2023. Стр. 40-47 DOI 10.31489/2023Ph2/40-47
2. Құрылыс-сәулет мамандықтарына арналған терминологиялық орыс-ағылшын-қазақ сөздігі, Алматы, 2003
3. Комиссаров В. Н. Теория перевода - М.: Высшая школа, 1990
4. Галкина-Федорук Е. М. Слово и понятие. 1956 стр 176
5. Казанчян Л.О. Некоторые вопросы терминологии // Вести. Ереван, ун-та. 1971 стр. 2326
6. Гринев С. В. Введение в терминоведение. - М.: Московский лицей. 1993.
7. Құрылыс-сәулет мамандықтарына арналған терминологиялық орыс-ағылшын-қазақ сөздігі, Алматы, 2003

УДК 81'25

ЭТИМОЛОГИЯ ПОПУЛЯРНЫХ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Манап Диана Ербұланқызы

dianamanap@bk.ru

Магистрант специальности «Переводческое дело», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Психологические термины стали широко распространенными из-за нескольких факторов. Во-первых, интерес к психологии как науке о человеческом поведении и ментальных процессах постоянно растет. Люди всегда стремились понять себя и окружающих, поэтому психология обрела огромное значение в современном обществе. Во-вторых, психологические термины помогают людям объяснить и описать различные аспекты своей жизни, включая эмоции, поведение, отношения и психическое здоровье. Они служат инструментом для общения о сложных концепциях и явлениях, которые иногда трудно выразить словами. Кроме того, многие из этих терминов используются в образовательных и профессиональных контекстах, включая области психологии, педагогики, социальной работы и здравоохранения. Психология касается практически всех аспектов нашей жизни. Вот почему каждому интересно знать о психологии: все это способствует широкому распространению психологических терминов в современном обществе.

Термин «психология» происходит от двух греческих слов; *Psyche* означает «душа или дыхание», а *Logos* означает «знание или изучение». Слово «психология» не было в обиходе до девятнадцатого века, а область психологии фактически стала независимой наукой только в середине девятнадцатого века.

Психология возникла как независимая академическая дисциплина в 1879 году, когда немецкий профессор Вильгельм Вундт основал первую лабораторию психологии в Лейпцигском университете, Германия. Интеллектуальные корни психологии лежат в союзе философии и